

23. Samuels R. E. *Securing Japan: Tokyo's Grand Strategy and the Future of East Asia*. Ithaca: Cornell University Press, 2007. 328 p. [in English].
24. Japan Ministry of Defense. *Defense of Japan White Paper*. Tokyo: MOD, 2023. 312 p. [in English].
25. U.S. Energy Information Administration. *World Oil Transit Chokepoints*. Washington: EIA, 2023. [in English].
26. Japan Disaster Relief Activity Report. Tokyo: MOFA, 2022. 84 p. [in English].
27. Asian Development Bank. *Asia's Energy Transition*. Manila: ADB, 2022. 176 p. [in English].
28. UNDC. *Human Security Now*. New York: UNDP, 2003. 159 p. [in English].
29. International Monetary Fund. *World Economic Outlook*. Washington: IMF, 2023. 198 p. [in English].
30. OECD. *Energy Security and Climate Policy in Japan*. Paris: OECD, 2022. 142 p. [in English].

САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

ҒТАХР/УДК/UDC 03.20
ӘӨЖ/МРНТИ/IRSTI 03

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.008>

Е.Ә. Жұмашов¹, Н.С. Пұсырманов², Р.М. Джунисов³

¹Философия докторы (PhD), ҚР ҒЖБМ ҒК «Мемлекет тарихы институты»
директорының орынбасары, Астана, Қазақстан Республикасы
e-mail: erkebulanzhumashov@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0003-4653-8060>

²Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК
«Мемлекет тарихы институтының» директоры, Астана, Қазақстан Республикасы
e-mail: Nurbekp89@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0001-9905-0320>

³Докторант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан Республикасы
e-mail: JunissovRashid@gmail.com
<https://orcid.org/0009-0008-6682-7197>

XVIII ғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІК ЖҮЙЕСІ:
САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақ хандығының XVIII ғасырдағы жергілікті саяси-әкімшілік басқару жүйесінің ерекшеліктері, құрылымы және лауазымдары талданды. Зерттеудің өзектілігі отарлық кезеңге дейінгі қазақ қоғамының басқару жүйесіндегі жергілікті басқару және жергілікті өзін-өзі басқару тетіктерін түсіну қажеттілігімен негізделеді. Қарастырылып отырған кезеңге қатысты жазба деректердің, әсіресе биліктің төменгі сатысына қатысты мәліметтердің тапшылығына байланысты, жұмыста этнографиялық деректерді экстраполяциялау және салыстырмалы-тарихи талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде қазақ қоғамының билік жүйесі географиялық принципке емес, қатаң қауымдық-туыстық иерархияға (отбасынан хандыққа дейін) негізделгені анықталды. Жергілікті деңгейдегі билік институтында меритократиялық принциптердің басымдығы, атап айтқанда, билер мен батырлардың жеке қабілеті мен беделі арқылы сайлануы сипатталады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақ қоғамындағы билік вертикальды емес, горизонтальды байланыстарға көбірек сүйенді. Бұл жүйенің өз артықшылықтары мен кемшіліктері болды. Авторлар бұл жүйенің көшпелі өмір салты үшін тиімді болғанын, алайда орталықтанған бюрократиялық аппарат пен тұрақты әскердің болмауы XVIII ғасырдың соңында мемлекеттің сыртқы экспансияға қарсы тұру қабілетін әлсіреткенін тұжырымдайды. Бұл тарихи тәжірибе Қазақстанның мемлекеттілік эволюциясын хронологиялық тұрғыдан жүйелеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, жергілікті билік, жергілікті басқару, орталықсыздандыру, XVIII ғасыр, дала демократиясы, көшпелі қазақ қоғамындағы билік құрылымы.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру жобасын орындау барысында даярланды (грант № BR24993173).

Е.А. Жумашов ¹, Н.С. Пусырманов ², Р.М. Джунисов ³*

¹ Доктор философии (PhD), Заместитель директора «Института истории государства»
КН МНВО РК, Астана, Республика Казахстан

e-mail: erkebulanzhumashov@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0003-4653-8060>

² Доктор философии (PhD), Ассоциированный профессор, директор
«Института истории государства» КН МНВО РК, Астана, Республика Казахстан

e-mail: Nurbekp89@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0001-9905-0320>

³ Докторант, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан

e-mail: JunissovRashid@gmail.com
<https://orcid.org/0009-0008-6682-7197>

СИСТЕМА МЕСТНОГО УПРАВЛЕНИЯ В ПЕРИОД КАЗАХСКОГО ХАНСТВА XVIII ВЕКА: ПОЛИТИЧЕСКИ-ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ

Аннотация

В статье представлен анализ местной политико-административной системы Казахского ханства, сфокусированный на структуре власти XVIII века. Актуальность исследования определяется необходимостью реконструкции механизмов самоуправления казахского общества доколониального периода для последующего анализа трансформационных процессов в колониальный период. В условиях дефицита непосредственных письменных источников, фиксирующих функционирование низовых институтов власти, применен метод экстраполяции этнографических данных и сравнительно-исторический анализ теоретико-методологических исследований. Установлено, что административная организация ханства реализовывалась посредством общинно-родового, а не территориального принципа, формируя иерархическую систему от семейной группы до общегосударственного уровня. Исследование выявляет меритократическую природу местной власти: статус в институтах биев и батыров определялся личными качествами, авторитетом и общественным признанием, а не исключительно наследственным правом. Децентрализованная модель, конвенционально обозначаемая как «степная демократия», демонстрирует адаптивность к кочевому укладу и обеспечивала внутривластную стабильность. Однако отсутствие централизованного бюрократического аппарата и регулярной армии в долгосрочной перспективе существенно ограничивало государственный потенциал в осуществлении системных реформ и защите суверенитета в конфликтах с централизованными империями, что стало фактором ослабления ханства в XVIII–XIX веках.

Ключевые слова: Казахское ханство, местная власть, местное управление, децентрализация, XVIII век, степная демократия, структура власти кочевого казахского общества.

Благодарности. Статья подготовлена в рамках выполнения проекта грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № BR24993173).

Y. Zhumashov¹, N. Pusyrmanov², R. Junissov³*

¹ Doctor of Philosophy (PhD), Deputy Director of the "Institute of State History" of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan

e-mail: erkebulanzhumashov@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0003-4653-8060>

² Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, Director of the "Institute of State History" of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan

e-mail: Nurbekp89@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-9905-0320>

³ Doctoral Student of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)

e-mail: JunissovRashid@gmail.com

<https://orcid.org/0009-0008-6682-7197>

THE LOCAL GOVERNANCE SYSTEM DURING THE KAZAKH KHANATE OF THE 18th CENTURY: A POLITICAL AND LEGAL ANALYSIS

Abstract

This article analyzes the local socio-political and administrative governance of the Kazakh Khanate, focusing on 18th-century power structures and institutional mechanisms. Reconstructing these pre-colonial local governance frameworks provides a necessary baseline for evaluating subsequent colonial-era transformations. Due to the scarcity of primary written sources detailing lower-level institutions, this research extrapolates ethnographic data and employs comparative-historical analysis grounded in the broader study of nomadic societies. The findings demonstrate that the Khanate's administration operated on a kinship-communal rather than territorial principle, forming a continuous hierarchy from the immediate family to the state level. Furthermore, local power dynamics were inherently meritocratic; status within the institutions of biy (judges) and batyr (military leaders) derived from personal merit, authority, and public recognition rather than exclusive hereditary rights. This decentralized framework, frequently characterized as "steppe democracy," adapted seamlessly to the nomadic lifestyle and maintained internal political stability. Ultimately, however, the lack of a centralized bureaucracy and a standing army constrained the state's capacity for systemic reform and territorial defense against encroaching empires, precipitating the Khanate's decline throughout the eighteenth and nineteenth centuries.

Keywords: Kazakh Khanate, local governance, Institute of Bi, meritocracy, decentralization, 18th century, Steppe Democracy.

Acknowledgements. This article was prepared within the framework of a grant funding project of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (grant No. BR24993173).

Кіріспе

Кез келген қоғамның саяси-әкімшілік басқару жүйесі, әлеуметтік құрылымы, аумақтық тұтастығы мен мәдениеті, сондай-ақ жазылған және жазылмаған заңнамалық базасы уақыт ағынымен жаңарып, эволюциялық өзгерістерге ұшырап отырады. Бұл динамиканың айқын мысалын Қазақстанның XX ғасырдағы тарихынан көруге болады: бір жүзжылдық ішінде қоғамның бейнесі мен саяси жүйесі бірнеше мәрте радикалды трансформацияға ұшырады. Тіпті, даму қарқыны баяу көрінген кезеңдердің өзінде, белгілі бір географиялық кеңістікті мекендеген қауымның ғасыр басындағы және соңындағы саяси құрылымы, мазмұндық

формасы жағынан айтарлықтай ерекшеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының жергілікті билік жүйесін зерттеу – отандық тарих ғылымы үшін аса маңызды мәселе және отарлыққа дейінгі кезеңдегі биліктің төменгі сатысындағы құрылымдық-азаматтық ахуал туралы ғылыми көзқарасты кеңейтуге көмектеседі. Мұндай талдау отарлыққа дейінгі кезеңдегі билік жүйесінің құрылымы, оның отарлыққа қарсы тұрудағы рөлін анықтауға ықпал етеді. Сондықтан бұл зерттеуде Қазақ хандығындағы, соның ішінде XVIII ғасырдағы жергілікті саяси-әкімшілік жүйенің ерекшеліктеріне басымдық беріледі.

Қазақ хандығы кезеңіндегі жергілікті билік пен шешім қабылдау процестерінің ішкі механизмдері туралы жазба деректердің тапшылығы басты мәселе болып табылады. Көрнекті заңгер-ғалым С. Зиманов XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстанның саяси құрылысын зерттей келе, биліктің төменгі сатысына қатысты мәліметтердің аздығына назар аударған [1]. Оның пікірінше, сол кезеңдегі жиһанкездер мен шенеуніктердің қалдырған жазбаларында жергілікті тіл мен мәдениетті терең түсінбеушілік, ақпаратты үстірт қабылдау сияқты кемшіліктер жиі кездеседі. Осыдан жарты ғасыр бұрын ғалымдар үшін өзекті болған бұл проблема бүгінгі таңда да өз маңызын жойған жоқ. Кешенді интерпретация жасауға кедергі болатын деректер тапшылығы тарихшыларды этнографиялық ақпараттар негізінде экстраполяция әдісіне жүгінуге мәжбүр етеді.

Бұл жұмыстың мақсаты – Қазақ хандығындағы кезеңіндегі, оның ішінде XVIII ғасырдағы жергілікті саяси-әкімшілік басқару жүйесінің ерекшеліктері, жергілікті деңгейдегі саяси-құқықтық тәртіп құрылымын сипаттау. Бұл тұста, зерттеу барысында қазіргі Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу аймағындағы отырықшы қауымдардың кең таралғанын, ол қоғамдас-тықтар ішіндегі саяси-құқықтық тәртіптің көшпелі қоғамның басқару жүйесінен айырмашы-лықтары болғанын айтып өту қажет. Отырықшы қауымдардағы саяси-құқықтық жүйенің, билік лауазымдарының ислам мәдениетіне (Мауреннахр жүйесіне) негізделгенін, ал көшпелі қауымдарда көне түркі, Шыңғыс хан және Алтын Орда дәуірлерінен жалғасып келе жатқан дәстүрдің элементтер басым болды. Осы жұмыста қазақ халқының саяси мәдениеті мен билік жүйесіндегі көшпелі өркениеттің компоненттері басымдығын ескере отырып, дәстүрлі саяси-әкімшілік құрылымның ерекшеліктерін сипаттауға баса назар аударылады.

Авторлар зерттеу нәтижесінде Қазақ хандығының жергілікті билік жүйесі көшпелі өмір салтына бейімделген, демократия мен меритократия элементтері бар күрделі құрылым болғанын тұжырымдады. Отарлық дәуірге дейінгі Қазақ хандығында саяси-әкімшілік басқару мен дау-жанжалдарды құқықтық реттеу тәсілінің жергілікті деңгейде шоғырланғанын тұжырымдалды. Әр сатыдағы билік құрылымдарының өз ішкі мәселелерін шешуде жоғары институттардан кең субардинациялық дербестігі байқалды. Басқаша айтқанда, XVIII ғасыр-дағы басқару жүйесі қазіргі түсініктегі билік жүйесі төменнен жоғарыға қарай есептілік пен бағыныштылық тәсілімен құрылымданатын «орталықсызданған» саяси жүйе танымына сәйкеседі. Бұл бір жағынан азаматтардың жергілікті және қоғамдық мәселелерді шешуінде белсенді болуына, өзекті мәселелердің кеңес нәтижесінде шешілуіне әкелді және мұндай дәстүрге кейбір зерттеушілер «дала демократиясы» бағасын берді. Алайда, орталықтанған биліктің, тұрақты әскер мен бюро-кратиялық аппараттың болмауы мемлекеттік құрылым-дардың заман талабына сай жаңаруына, сыртқы күштерге қарсы әлеуетті толық жұмылдыруға кедергі келтіріп, орталық биліктің әлсіреуіне және отарлаушы державаларға қарсы тұру қабілетінің төмендеуіне алып келді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық шеңбері Қазақ хандығының жергілікті билік институттарын реконструкциялаудағы деректемелік шектеулерді ғылыми тұрғыдан еңсеруге бағытталған. Зерттеу барысында негізгі қиындық – жергілікті басқару жүйесіне, институттарына (ауыл ағалары, ақсақалдар, ру басылары) қатысты тікелей жазбаша деректердің аздығы. XVIII ғасырдағы басқару жүйесінің төменгі буындарына қатысты тікелей жазбаша әкімшілік

құжаттардың тапшылығы ізденіс барысында сыртқы бақылаушылардың, атап айтқанда Ресей империясының шенеуніктері, әскерилері мен сыртқы саяхатшылардың жазбаларына терең сыни талдау жасауды талап етеді. Себебі бұл деректердегі субъективтілік, лингвистикалық кедергілер, жергілікті мәдениетті терең білмеу, ақпараттың ретрансляциялық сипаты (тек естіген ақпаратты жазу) билік иерархиясының шынайы табиғатын түсінуді қиындатқанын айтып өту керек. Сонымен қатар, шетелдік авторлар көбіне жоғары билікке (хан, сұлтандар, беделді билер) назар аударып, биліктің төменгі сатысындағы саяси-құқықтық шешім қабылдау процестеріне салыстырмалы түрде аз көңіл бөлуі ол дереккөздерді қайта пайымдау мен верификациялаудың маңыздылығын арттырады.

Жазбаша деректердің жетіспеушілігі проблемасын шешу үшін тарихи экстраполяция (белгілі бір кезеңдегі деректерді басқа кезеңге қатысты қолдану) әдісі басты құрал ретінде таңдалды. Бұл тәсіл XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы анағұрлым толық сақталған этнографиялық, статистикалық және құқықтық мәліметтерді XVIII ғасырдағы саяси жағдайларға қолдануға негізделген. Көшпелі қоғамдағы әлеуметтік нормалар мен билік құрылымының консервативті сипаты, дәстүрлі институттардың ғасырлар бойы мазмұндық тұтастығын сақтауы бұл әдістің негізділігін қамтамасыз етеді. Осы тәсіл арқылы рулық-тайпалық жүйенің «жеті ата» принципіне негізделген әкімшілік бөлінісі мен ауылдық деңгейдегі билік өкілеттіктерінің функционалдық ерекшеліктері, сондай-ақ шешім қабылдау процесіндегі қауымдық келісімнің рөлі рет-ретімен қалпына келтірілді.

Зерттеудің келесі маңызды қыры көшпелілердің тарихи жады институты — шежірені ғылыми сараптаумен байланысты. Шежіре тек иерархиялық-туыстық қатынастарды көрсететін құқықтық ереже ғана емес, сонымен бірге қоғамның әкімшілік-аумақтық құрылымын (жүз, тайпа, ру, ата) «құқықтық-географиялық карта» рөлін атқарғаны негізге алынды. Осы контекстте шежіре дәстүрмен орныққан азаматтардың қауым ішінде және сыртқы ортамен қарым-қатынасындағы құқықтары мен міндеттерін бекіткен заңдық нұсқаулық екеніне назар аударылды. Көшпелілердің тарихи жадының негізі болып табылатын шежірелік деректерді жүйелеу арқылы билікке келудің меритократиялық тетіктері мен «сүйек» иерархиясының (ақсүйек пен қарасүйек) арақатынасы зерделенді.

Сондай-ақ, көшпелі қазақ қоғамында артықша мәртебеге ие институттар ретінде белгілі «сұлтан», «би», «бай», «мырза», «батыр», «ақсақал», «аға» ұғымдарының жергілікті басқару мен шешім қабылдаудағы функцияларын ажырату үшін оларға терминологиялық-лингвистикалық талдау жасалып, қоғамдағы институционалды рөлі сипатталды. Жазба материалдардың жұтандығы мен мәдениетке сипатының үстірттігі жағдайында ауыз әдебиетіндегі фольклорлық деректердің қоғамдағы құқықтық нормалар мен моральдық кодексті қосымша түсінуге көмектесетін ресурс ретінде пайдалы ақпарат. Осы себепті аталған институттардың әлеуметтік-саяси құзыреттерін айқындау, оның ішінде жазба дерек аз «мырза» және «аға» атақтарының саяси-құқықтық мәнін анықтау үшін ауыз әдебиетіндегі фольклорлық деректер талданды.

Жалпы, зерттеудің әдіснамалық кешені пәнаралық сипатқа ие болып, тарихи антропология, құқық тарихы және лингвистикалық сараптама элементтерін біріктіреді. Бұл кешенді тәсіл Қазақ хандығының соңғы ғасырында билік жүйесі орталықсызданған, бірақ өзін-өзі реттеуші және ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етуші күрделі механизм екенін ғылыми тұрғыдан дәйектейді. Жиналған ақпарат және қолданылған әдістер XVIII ғасырдағы көшпелі қазақ қоғамындағы билік жүйесін тек саяси тарих тұрғысынан емес, сонымен қатар әлеуметтік антропология және құқық тарихы шеңберінде тереңірек зерделеуге жол ашты.

Нәтижелер

Зерттеу барысында Қазақ хандығының XVIII ғасырдағы жергілікті билік жүйесінің бірнеше негізгі компоненттері анықталды. Келесі кестеде көшпелі қазақ қоғамының әлеуметтік-әкімшілік сатылары мен басқарушы институттар сипатталған.

Әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік құрылым. Қазақ қоғамының құрылымы «төменнен жоғарыға» қарай бағытталған қатаң иерархиялық жүйеге негізделген. Зерттеушілер Қазақ хандығындағы әкімшілік-аумақтық бөлінуді былай көрсетеді: «Басқару жүйесінде ру-тайпалық тәртіп сақталып отырды. Туыстығы жақын он шақты түтін бір ауыл, ал жеті атадан тараған бірнеше ауыл бір ата (аймақ) болды. 13-15 атадан қосылатын аймақтар бір ру болды. Осы рулардан тайпа құралды. Қазақ қауымы үш жүзге (орда) бөлінді. Ол Қазақ хандығына бағынды» [2].

Егер шежіреге жүгінсек, онда қазақ қоғамының этникалық бірліктен индивидтік өкілге дейінгі аралықтағы тізбекте қандық-аталық туыстық бойынша ұйысқан топтардан тұратындығын байқауға болады [3, 4]. Жеке тұлғалар отбасыға бірігеді. Жақын ағайындардан құралған аталас бірнеше отбасы бір ауыл немесе қоныс болып отырады. Сыртқы қауымдар ол ауылды ең беделді көшбасшы тұлғаның немесе топтастырушы атаның есімімен атады. Қазақ шежіресінде әр ру бірнеше атадан құралады. Арғы атадан тарайтын отбасылар саны әдетте бір ауыл болып қоныстану үшін саны көп болғандықтан бірнеше ауылға бөлініп отыруы түсінікті. Бұл қауым сол өздерін біріктіруші атаның атымен аталды және генеологиялық қабаты мен демографиялық әлеуеті сай келген жағдайда жеке ру ретінде бөлінуге үміткер болды. Одан әрі бірнеше атаны ру, руларды тайпа, тайпаларды ұлыс немесе жүз біріктірді. Әр сатыдағы бұл бірліктердегі жан немесе түтін саны әртүрлі болуы туыстық жақындықпен қатар географиялық ерекшелік те әсер етті. Басқаша айтқанда, ағайын санына, қауым ішіндегі бірлік пен дәстүрдің күшіне, қоныстанған географияның шұрайлығына байланысты бір ауыл мен екінші ауыл, бір ру мен екінші ру арасында демографиялық айырмашылықтар үлкен болуы ықтимал.

Жергілікті әкімшілік-аумақтық бірігудің мұндай формасы рационалды болды. Біріншіден, кез келген жағдайда қауымды ұйымдастыру үшін ыңғайлы. Бейбіт уақытта той-жиын сияқты шараларды бірігіп ұйымдастыра алады. Көші-қон жағдайында немесе басқа да ұйымдастыру жұмыстарында шаруаларды бөлу кезінде әр ауылға (атаға) міндеттер жүктеуге болады. Ал, соғыс уақытында, жанжалдар туындағанда аталық тізбекпен топтасады. Әр ауыл мен аталар сарбаз шығарды және сол құрылыммен үлкен бір армияға біріге қояды. Екіншіден, туыстық қатынас бойынша бір-біріне қажет кезінде қолұшын созуды жеңілдетеді. Қазақтардың сыртқы жаулармен қатар өз ішінде де түрлі жанжалдар болып тұрғаны белгілі. Бір румен екінші ру арасында осындай жанжал туындаған жағдайда басқа ру-тайпалар өзіне жақын топқа көмекке келеді. Сондықтан арадағы туыстық байланыс пен қандық жақындық ұзап кетсе де шежірелік генеологияны еске алып, тайпаның немесе ұлыстың ішінде бірігу бірнеше аспект тұрғысынан тиімді саналды.

Жергілікті билік лауазымдары және олардың функциялары. Ағайындық-туыстық қатынас бойынша ұйысқан бұл әкімшілік-аумақтық құрылысты басқару жүйесі туралы зерттеушілер мынандай ақпарат береді: «Хан – қазақ хандығының азаматтық, әскери, әкімшілік және сот құқын қолына ұстады. Жүздерді кіші хандар, ұлыстарды сұлтандар, тайпаларды билер, руларды ру басылары, аймақтарды (аталар) ақсақалдар, ауылдарды ауыл ағалары басқарды. Бұл жеті сатылы басқару жүйесі көшпелі қазақ қоғамында тым ертеден келе жатқан тәртіп болатын». Кейбір зерттеушілер ауылды – ауылбасы, аймақты – ақсақал, руды – рубасы басқарғандығын жазды [5]. Дегенмен жазба деректерде, шежірелік, ауыз әдебиет, ономастикалық және антропонимикалық сөздік қорда мұндай титулдардың кездесуі сирек. Басқаша айтқанда, «батыр» немесе «би» сияқты жұртшылық таңатын атаққа ұқсас «ауылбасы» немесе «рубасы» деген титулдың болғандығын растайтын деректердің жеткіліксіздігіне қарап, жоғарыдағы титулдардың болғанына сыни көзбен қараған дұрыс.

Ресей империясының саяси-әкімшілік басқару ережелері орныққанға дейінгі қазақ халқының өміріне қатысты ақпарат көшбасшы болу үшін индивидтің интеллектуалды немесе физикалық тұлғалық қасиет маңызды рөл атқарғанын, ал шешім қабылдауда ұжымдық талқылау мен мақұлдау басым болғанын көрсетеді. Қазақ хандығы кезеңінде барлық деңгейдегі

билеушілер үшін жеке дарыны, басқа көпшіліктен ерекшелейтін қасиет иесі болуы маңызды болды. Зерттеушілердің хан билігі мен оның құзыреті туралы көзқарасы былай: «Объем власти Казахского хана, по мнению ученых и чиновников, был обусловлен личным авторитетом правителя. Именно харизма и полководческий талант гарантировали хану народную поддержку, не обладающий ими правитель не имел значительной власти в обществе, даже будучи избранным и утвержденным в ханском достоинстве» [6]. Бұл пікірдің биліктің төменгі сатылары үшін өзекті болғанын айтып өту керек. Көшбасшы болуға көмектесетін келесі күш билікке ұмтылған тұлға жататын топтың ресурстық әлеуеті [1]. Шыңғыс ханның ұрпақтары саналатын төре тұқымына жататын тұлғалар ғана «хан» немесе «сұлтан» лауазымын иеленді. Дегенмен қазіргі Каспий теңізінің шығысындағы географияда қоныс тепкен көшпелі түркімен және басқа да түркі тілдес халықтарды аралаған жиһанкез Мехмет Эмин Эфенди «хан атағы бұларда аға атағы сияқты. Яғни билеушілік мағынасы жоқ», - деп жазады [7]. Бұдан XIX ғ. қазіргі Қазақстанның оңтүстігі мен батысында, Өзбекстан мен Түркіменстан аумағын мекендеген тайпаларда хан титулының түрлі себептер салдарынан инфляцияға ұшырағаны аңғарылады. Тұлғаның жеке дарынынан бөлек, әдет-ғұрып бойынша жолының артықшылығы, сыйлы отбасынан немесе аталы топтан шығуы, саны көп қауымға жатуы көшбасшы болуға үлкен артықшылық берді. Сонымен қатар, көшбасшы болу үшін тұлғаның ұйымдастырушылық, шаруақорлық және коммуникациялық қабілеті қай заманда да маңызды болғаны түсінікті.

Отбасыдан жоғары сатыда бір ауылға біріккен аталас ағайындар ішінде көшбасшылық функцияны сол әулеттің ең беделді тұлғасы атқарды. Атап айтқанда, бұл деңгейде көшбасшы болатын тұлға өзінің ерекше қасиетімен ауылдастарын мойындатуы, билеушілік және харизмалық дарынын көрсетуі тиіс. Бұл рөлді сол әулеттің жасы үлкен ақсақалы, шаруақорлығымен дүние топтастырған ауқаттысы, әкесінен (атасынан) қалған материалдық немесе рухани мұраны иеленген тектісі, ержүректігімен көзге түскен батыры, көрегендігімен басқаларды мойындатқан данасы, шешендігімен немесе білімімен жұртты өзіне қаратқан биі, коммуникациялық қабілетінің арқасында алыс-жақынмен араластығы жоғары тұлғасы, өнерімен танылған ардақтысы болуы ықтимал. Ол өзін ерекшелеген дарынына қарай алдымен ауылдастары мен жақын ағайындары «би», «батыр», «шешен», «тархан», «ақын/жырау», «мырза/бай» сияқты бір атақ таңды. Бұл туралы зерттеушілер былай жазды:

«Соңғы орта ғасырларда қазақ қоғамының мәртебесі ашық сословиеге жеке басының қасиеттеріне және түрлі артықшылығына қарай ескерілетін топтар болды. Оларға билер, батырлар, жыраулар, мырзалар, ақсақалдар жатты. Бұлар қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік топ жиынтығы болып саналды. Бұл кезең Шыңғыс тұқымынан тараған ақсүйектермен қатар қазақ қауымының ішінен шыққан дала билеушілері билікке қол жеткізуімен ерекшеленеді. Әлеуметтік жіктелудің алғашқы бастамасы хандықтағы билік бөлінісі, бұл ру атақты адамдарының өкілдері би, батыр, мырза сияқты дала ақсүйектерінің биліктегі өз мүдделерін қалыптастыруда болып отыр» [8].

Тұлғаның қабілеті мен қоғамдағы әлеуметтік мәртебесін анықтайтын жоғарыдағы титулдардың шешім қабылдауға қатысуға мүмкіндік беретін лауазымдық мансап ретінде де қарастыруға болады. Бұл атақтардың арасындағы ерекшеліктер туралы қысқаша ақпарат беру маңызды.

Ұлысты немесе үлкен тайпаны сұлтан басқарды. Сұлтанның қоғамдық-саяси рөлі туралы зерттеуші Э.Т. Телеуова былай жазды:

Қазақтар көнеден келе жатқан дәстүрлі далалық мемлекетте сақталған Шыңғыс ұрпағының құқығына қарсылық көрсетпеді. Шыңғыс ұрпағының өктемдігі салдарынан қазақ тайпаларына хан тек Шыңғыс тұқымдарынан сайланатын болды. Бұл қағида қазақтардың соңғы ханы жойылғанша сақталды. Барлық қазақ ұлыстарының сұлтандары өздеріне ғана тиесілі Арқар ұранын ұстанды.

Сұлтандар мемлекеттік басқару ісін және ұлыстық басқаруды жүзеге асырды. Осының нәтижесінде әрбір беделді сұлтан ұлыстағы басқару жүйесін өз қолына жинастырды. Ұлыстағы билік сұлтанға әскери-саяси үстемдігін және жайылым мен су құдықтарын иелену құқын берді. Әрбір ұлыс сұлтаны ұлыта билік жүргізуге және әскерін басқару мүддесіне ие болуы жеке мұрагерлік жүйеде іске аспады. Ұлыс сұлтанын сайлау құқығы ханның қолында болды. Қазақ қоғамындағы сұлтандардың жалпы Шыңғыс ұрпақтарының басқа қоғам мүшелерінен айырмашылығын заңдастырылған жүйеде жасаған әр түрлі әлеуметтік топтардың қылмыстары үшін алатын жазаларының ерекшелігімен айқындалады. Осыған орай «Жеті жарғының» бабында «халықтың ханы, сұлтаны қастандықпен өлтірілсе, олардың әрқайсысы үшін жеті кісінің құны мөлшерінде құн төленсін» немесе «Сұлтанды, қожаны балағаттағаны үшін тоғыз айыбын төлейді» делінген [8].

Көне түркі дәуірінен бері билік институты ретінде сақталған титулдардың бірі «би» (бек) дәрежесі болды. Зерттеушілер «би» сөзінің этимологиясы протүркі немесе түркі дәуіріндегі «бек» атағының түрленуі нәтижесінде пайда болғанын, ал түркі тіліндегі «бек» атауы монғолдарда «ноян», араб тіліндегі «әмір» түсініктерімен сәйкесетінін жазды [9]. Басқаша айтқанда, бұл тұлғаның қолында билік барын білдіретін лауазымдық дәреже болған. Сонымен қатар, түркі тілінде «бек» дәрежесі әйелдер үшін «бегім» деп қолданылғаны, уақыт өте келе «бек» сөзі Оғыз тілдерінде «бей», ал Қыпшақ тілдерінде «би» болып түрленгені ғылыми дәйектелген [10]. Бұдан шығатын түйін – би тек сот қызметін іске асыруды емес, жалпы билік жүргізуге өкілеттік беретін басқарушылық лауазым болған. Би институты халықтың әкімшілік-басқару және сот ісіндегі мәдениетіне терең интеграцияланғандықтан бұл жүйе КСРО орнағаннан кейінгі онжылдықтарда мемлекеттің оны жоюға бағытталған мақсатты саясатынан кейін ғана дәстүрдегі мәнін жоғалтты [9].

Қазіргі қазақ тілінде пікір білдірушінің басқа тұлғаларға құрметі мен ізетін білдіретін «мырза» сөзі орта ғасырларда титулдық дәрежені білдірген. «Едіге» эпосы және басқа да деректер «мырза» дәрежесінің Алтын Орда дәуірінде кең тарап, бектің балаларына қарата қолданылған титул болғандығын айқындайды [11, 12]. Зерттеушілер «мырза» сөзінің этимологиясы араб тілінен аударғанда қазақша билеуші, қолбасшы мағынасын беретін «әмір» атағының соңғы буыны мен парсы тілінен аударғанда ұлы, баласы ұғымын білдіретін «зада» терминінің алғашқы буынының қосылуынан пайда болғанын айтады [10]. Қазақ хандығы тұсында мырза мәртебесінің қолданылуы туралы мынандай пікір бар: «Бұл атақтың қазақ қоғамында жайылуы Ноғай ордасының құрамындағы кейбір рулардың кіруіне байланысты болуы мүмкін. «Мырза» атағы қазақ қоғамындағы көрнекті беделді адамдарға тағылғандығы орыс жеріне елшілікке барған Сары мен Келдей мырзалардың орыс-қазақ қақтығыстары үшін кепілдікке алынғанын, олардың руластарының наразылығын тудырғанын Тәуке Ордасында болған Тауша мерген өзінің жауабында хабарлайды» [8]. Жалпы, мырза деп аталы әулеттен шыққан адамға қарата қолданылғаны және оның жоғары мәртебесін ерекшелегені байқалады. Сондықтан «мырза» атағын би немесе батыр сияқты басқалардан мәртебесі жоғары, билік құзыреті бар тұлғаға таңылған лауазым ретінде қарастыруға болады.

Қазақ хандығы кезеңінде кездесетін мәртебелі атақтардың келесісі «тархан» титулы. Зерттеушілер бұл титулдың көне түркі дәуірінен бері келе жатқанын жазады [13]. Зерттеушілер тархандық институттың дамуын 3 кезеңге бөледі:

Бірінші кезең ғұн, Түрік, Хазар қағанаттары, Еділ Булгарлары, Дешті Қыпшақ заманы. Ол кезеңде тархандар қоғамның басқарушы элиталарына берілген құрметті атақ, титул ретінде мойындалып, ел алдындағы ерекше ерлігі мен батырлығы үшін берілген.

Екінші кезең Шыңғыс хан, Алтын орда дәуірі. Соғыс жағдайында тархандық басқарушы элитаға ғана емес, сонымен бірге майдан даласында ерекше ерлік жасаған қарапайым адамдарға беріле бастады.

Үшінші кезең Ресейдің Қазан, Ноғайлы, Астрахан мен Сібір, Қазақ хандықтарын жаулап алуы барысында отарлаушылардың саясатымен кең мағынада байланыстырылады. Соңында отарлау саясатын жүзеге асырған Ресей башқұрттар үшін 1845 жылғы 17 шілдеде Әскери Кеңес тәртібі бойынша «тархан ұрпақтарына» салық салып, оларды қатардағы башқұрттармен теңестіріп, ал қазақтар үшін 1869 жылғы Сенат шешімімен «мүлдем жойылған атақ» деп тархандықты біржолата тоқтатады [14].

Бұдан, тархан титулы Қазақ хандығы кезеңінде кең тараған дәреже болмағандығын, Ресей империясы жергілікті элитаны өзіне тарту үшін жандандырғанын тұжырымдауға болады. К.Хафизова ол туралы былай жазады: «Батыры охотно принимали звание тархан от русских, джунгарских и кокандских властей, так как это освобождало их от выплаты пошлин и предоставляло другие льготы в торговом об мене, который они вели вместе со своими покровителями» [15]. Осылайша, халықты қорғау жолында ерлік танытып, батыр атағын алғандар сыртқы күштердің жымысқы отарлық саясатының астарын аңғармады...

Тұлғана басқалардан ерекшеліу үшін берілген келесі бір титул «батыр» болды. Ішкі және сыртқы кикілжіңдер артқан кезеңде батырлардың қоғамда да, орталық билеушінің қасында да беделі артатыны аксиома. Қазақ-жоңғар кикілжіңі, басқа да сыртқы саяси және этностық бірлестіктермен жанжалдардың артуына байланысты XVIII-XIX ғғ. батырлар мемлекеттегі ең маңызды тұлғаларға айналғандықтан бұл санатты «институт» ретінде қарастыратын көзқарас орнықты [16]. Уақыт өте келе батырлардың ру-тайпа басшысы болғаны, ру ақсақалы дәрежесіне дейін жеткені тұжырымдалды [17]. Осылайша батырлар институты әкімшілік басқарудың бірқатар міндеттерін өз мойнына алды [18]. Олардың саяси жүйедегі ролін мына үзінді жақсы көрсетеді: «Батыры являлись участниками ханских советов, они сажали на трон и снимали с него чингизидов, пестовали наследников» [15]. Бұл жерде XIX ғ. Стамбул қаласынан Хиуа хандығына саяхат жасап, жол бойында көрген-естігендерін қағазға түсірген Мехмет Эмин Эфендинің түркімен тайпалары арасындағы жаугершілік пен көсем таңдауға қатысты мына бір жазбасы қазақ тайпалары үшін де өзекті этнографиялық дерек бола алады. «Шабұыл [соғыс, ұрыс мағынасында – авторлар] жасау қажет болғанда, істің [жанжалдың, ұрыстың – авторлар] көлеміне қарай екі-үш жүздей немесе одан азырақ атты бір жерге жиналып, араларындағы ең жүрек жұтқан, ең батыл, ең тәжірибелі адам кім болса, соны сардар етіп сайлайды. Одан кейін барлық мәселеде осы адамның әмірі мен командасын орындайды. Артынан сардар берген тапсырма бойынша әркім жолға дайындыққа көшеді» [7]. Бұл қысқа үзінді көшпелі түркі халықтары арасында батыр титулын иелену мен қолбасыға сайланудың тәртібін ғана емес, жалпы көшбасшы болудың тәсілін аңғартады.

Осы тұста тоқталып өтетін бір мәселе «аға» титулы – бір елді, жұртты, қолды басқарған көшбасшыға берілгенін көрсетеді. Ауыз әдебиетінің деректері «аға» деп елге беделді, абыройлы адамды айтқаны, бұл мәртебенің де «би», «батыр», «шешен» сияқты жұртқа сыйлы адамға таңылғандығын айғақтайды. Мысалы Доспанбет жыраудың жырында былай айтылады [19]:

Азаудың ер Доспамбет ағасы
Азаудың бір бұрышындай нарты екен!
Азаулының Аймадет Ер Доспанбет ағаның
Хан ұлынан несі жоқ,
Би ұлынан несі кем?!
Тәңірінің өзі берген күнінде
Хан ұлынан артық еді менім несібем!
Азаулыда аға болған ерлер көп еді,
Әйтсе де аламанға ат байлағаны жоқ еді!
Алғаным Әли ағаның қызы еді,
Қас арудың өзі еді.

Сонымен қатар, түрлі энциклопедиялық және этнографиялық түсіндірме сөздіктерде ауыл ағасы туралы мынандай анықтама бар:

- «Ауылдың беделді адамы, ақсақалы» [20].
- «Ауылға басшылық жасайтын, жасы үлкен адам; ақылшы» [21].
- «Туысқандардың, ағайынның, ауылдың арасынан шыққан дау-жанжалды бітістіріп, төрелік айтып отыратын отағасы, қосағасы. Ауыл ағасының әлеуметтік мәртебесі мен беделі үлкенін ел ағасы деп те атайды. Осылардың ішінде үкімінің заңды күші бар, кесіп айтатындары билер дәрежесіне көтерілді. Түптеп келгенде, Ауыл ағасын қазақы ортадағы әлеуетті әлеуметтік институт ретінде де қарастыруға болады. Себебі Ауыл ағасы әлеуметтік қатынастарды реттеудің қауқарлы институционалдық тетіктерінің бірі болды» [22].

Бұдан шығатын қорытынды, жаугершілік заманда атқа мініп, өзінің ауылдастарының, тіпті руластарының қолын бастап жүретін тұлғаны сол елдің ағасы деген титул алған болуы мүмкін. Олар тек соғыс уақытында емес, бейбіт күндері де өз ағайындарының мүддесін түрлі дауларда қорғау, жиындарда өкілдік ету үшін бірнеше күндік жерге баруға даяр тұлғалар болғанын болжаймыз. Былайша айтқанда адамдардың тобына басшылық еткен тұлғаны «аға» деп атаған болып тұр. Бұл пікірді өзге түркі халықтарының тарихы мен этнографиясына қатысты зерттеулер де қуаттайды. Түркі халықтарында да әскердің ішінде қолбасшылық еткендерге, азаматтық жұмыстарда басшылық еткендерге, ауыл мен қауымның көшбасшыларын «аға» деп аталғанын айтып өту керек [23]. Олай болса 1822 ж. Сібір қырғыздары туралы ережеде Ресей империясының шенеуніктері бұл лауазымды орысшаға тікелей аударып қолданған болып тұр. Себебі 1822 ж. Сібір қырғыздары туралы ережеде ауыл басшыларына «старшина» лауазымы берілген. Старшина орыс тілінен қазақ тіліне аударғанда мағынасы «үлкен, аға» дегенді білдіреді. Ауыз әдебиетіндегі деректер, өзге түркі тілдес елдердің тарихы мен этнографиясындағы мәліметтер, 1822 ж. Сібір қырғыздары туралы ережедегі аударма туралы болжам негізінде Қазақ хандығы тұсында ауыл-аймаққа, тіпті руға басшылық еткен, қолбастаған белсенді тұлғаларды «аға» деп атаған болуы ықтималдылығын тұжырымдаймыз. Алайда, уақыт өтіп, физикалық қуаты ат үстінде бірнеше күндік жерге баруға қиналатын жасқа жеткенде аға болған тұлғалар өз қауымының ақсақалына, қариясына айналады. Сондықтан сыртқы жұртшылық, әсіресе алыста қоныстанған басқа қауымдар үшін ауыл қарияларымен салыстырғанда ауыл ағаларымен тығыз қарым-қатынас орнатты.

Сонымен қатар, қандық жағынан жақын туыстар болғандықтан азаматтың жасы көшбасшылық етуде маңызды рөл ойнады. Ауылдың, аталас ағайынның жасы үлкен қариялары сөзсіз көшбасшылардың бірі саналды, оның пікірі мен ақыл-кеңесі ескерілді. Оның үстіне ғылым мен білім әлі терең дамымаған заманда мұндай қариялардың өмірлік тәжірибесі күнделікті тұрмысты тиімді ұйымдастыру үшін пайдалы болғаны анық. Сондай-ақ, жас күнінде аға, батыр, би, мырза атанған тұлғалар біртіндеп сол қауымның көшбасшы ақсақалына айналып, тәжірибесінің арқасында ағайын атынан шешім қабылдау функциясын қолына жұмылдырды. Осы себепті зерттеушілер ауылды немесе аймақты «ақсақал» басқарғандығын уәждейді. Бұл уәждің орындылығымен келісе отырып ауылдың қариясы немесе әулеттің үлкені әрқашан көшбасшылар қатарында болғанын, шешім қабылдауда оның пікірі шешуші рөл ойнағанын айтып өту керек. «Көп жағдайда олар ру арасындағы араздықтарды шешетін, татуластыратын істерді шешкен деп көрсетіледі. В.В. Бартольдтің анықтамасы бойынша, «ақсақалдар» дегеніміз – «іс жүзінде белгілі бір заңдық өкіметтілігі жоқ, жасына, байлығына және бұрын сіңірген еңбегіне қарай құрметке бөленген ақсақалдар» [8].

Егер тұлғаның дарыны сол ауыл-аймаққа ғана емес, ру деңгейінде немесе тайпа деңгейінде танылған болса онда сыртқы жұрттың ауылды сол адаммен ассоциациялауы түсінікті. Алайда атағы кең тараған мұндай тұлғалардың әр ауылда болмайтыны белгілі. Сондықтан танымалдығы ағайын арасымен шектелген ауыл көшбасшысының шешім қабылдарда басқалармен кеңесуі заңды. Оның үстіне бір ауылда дарыны сол атырап ішінде

тараған бірнеше адам болатыны айқын. Басқаша айтқанда, батылдығымен немесе би ретінде танылған адамнан бөлек әулеттің қарты, енді көзге түсіп келе жатқан жасы т.б. Осындай жағдайда шешімді сол ауылдағы, бір атадан тараған ағайын арасындағы беделді бірнеше кісінің көшбасшы рөлін алып, қауым үшін шешімді өзара ақылдаса отырып қабылдады [1].

Дәл осындай ахуал ауылдан жоғары сатыдағы қауымдық бірліктерде де қайталанды. Өзінің ерекшелігін ата-ағайын, ру, тайпа деңгейінде танытқандар сол сатыдағы шешім қабылдауға қатысты. Бұл деңгейлерде де жеке адамның авторитарлық билігіне қарағанда ұжымдық талқылау нәтижесінде шешім шығару басым болды. Себебі жоғарыдағы ауыл деңгейі сияқты ру немесе тайпа деңгейінде өзінің әртүрлі қасиеттерімен ерекшеленген тұлғалардың болуы, әр атаның (рудың) өкілдерінің болуы шешім қабылдау процесін жекеге қарағанда ұжыммен бірге мақұлдауды тиімді етті. Бұл тұста, көрсетілген титулдардың формальды екенін тағы бір рет айтып өткен жөн. Мысалы, «ауыл ағасы» емес тек «аға» деп аталуы немесе ауылдың да, аталас әулеттің де, рудың да биі бір кісі болуы ықтимал.

Қазақ қоғамындағы саяси билік жүйесіндегі тағы бір ерекшелік – басқарушылық титулдың белгілі бір билік иерархиясымен немесе аумағымен байланыспауы. Басқаша айтқанда, батыр немесе би деген атаққа ие болып аталық-ауылдық деңгейде шешім шешіп жүрген тұлға, рулық деңгейде де, тайпалық деңгейде де, тіпті жүздік деңгейде де сол атағымен жүруі қалыпты. Оның билік айту, шешім шығару қабілеті сол атағын қаншалықты деңгейде басқалардың мойындауына байланысты. Мұндай жағдайда ауыл-аймақ деңгейінде шешен деп танылған, бірақ ру деңгейінде ондай қабілеті мойындалмаған азаматтың ол ауқымда кесімді билік айтуы, оған басқалардың мойынұсынуы қиын. Сәйкесінше тек рулық деңгейде қабілетін танытқан тұлғаның тайпалық немесе жүздік ауқымда шешім қабылдауға қатысуы қисынсыз болады. Тіпті, хандық биліктің де мұрагерлік жолмен емес, көбіне төре тұқымдарының арасында өзін басқарушылық, шешім қабылдаушылық сияқты қабілеттерімен көзге түскен тұлғалардың иеленгендігін атап өткен жөн. Мұндай жағдайда қазақ даласындағы саяси жүйе мен билікті иелену төменнен жоғарыға қарай жүргені байқалады. Бұл бір жағынан сайлау арқылы келетін демократиялық қағидамен сәйкеседі. Алайда екінші жағынан сайлау тәртібін, тетіктерін т.б. белгілеген құрал немесе ереже болған жоқ.

Қазақ қоғамындағы биліктің мұндай жүйесі ұлы даладағы ұзақ уақытқа созылған даму нәтижесінде баланс ретінде қалыптасуы ықтимал. Ғасырлар бойы ата-атаға бөлініп өмір сүрген қазақ даласында бір адамның екінші адамды немесе топтың екінші топты қысуы аталастарының жұмыла қарсы шығуына себеп болды. Мұндай жағдайда кез келген деңгейдегі кикілжің топаралық, руаралық, тіпті тайпааралық жанжалға айналып, соңында үлкен қақтығысқа әкелуі ықтимал. Кез келген қақтығыс оған қатысушылардың транзакциялық шығындарын ұлғайтып, тараптардың ресурстардан айырылуына алып келеді. Сондықтан ондай шығындардың алдын алатын тетіктердің механизмдері ментальді түрде жұртшылық мінез-құлқының бір бөлігіне айналуы түсінікті. Осындай жағдайда топтар арасындағы кикілжіңдерді шешу үшін орталық билік күшті болуы керек және қабылданған шешімдерді орындамағандарды жазалайтын аппарат немесе әскер (полиция) құрылуы тиіс. Қазақ даласында мұндай тұрақты аппарат болмағандықтан жергілікті қауымдастықтардың өз ішінде тежеуі қисынды. Сондықтан басқа топпен жанжалға әкелуі ықтимал ахуал қалыптасқан жағдайда алдымен ішкі аталар оны шектеуге ұмтылады. Егер шектеу бұл кезеңнен өткен жағдайда ру тоқтатуға ұмтылады. Одан әрі жанжал шешіліп, бір тарапқа айыпты табылғаннан кейін олар қажетті өтемдерін төлеуі қажет. Төлемеген жағдайда сол шешімді қабылдауға қатысқан барлық басқа топтардың наразылық объектісіне айналу тәуекелі туындайды.

Билікті иелену. Әр деңгейдегі билік органының басына келу меритократиялық түсінікке сәйкес жүргендігі аңғарылады. Билік айтатын азаматтар, соңғы нүктені қоятын тұлғалар көбіне өзінің ілімімен, шешендігімен, батырлығымен, шаруақорлығымен (дәулетімен) жұртшылық арасында абырой жинаған тұлғалар болды. Жинаған саладағы абыройына сәйкес есіміне титул

сияқты «батыр», «шешен», «жырау», «би», «бай» жалғауы жалғанды. Басқаша айтқанда бұл титулды ресми түрде бір адам үлестірген жоқ, керісінше азамат өзінің ебін көрсету нәтижесінде жұрттың осылай құрметті мәртебе таңуына қол жеткізді.

Назар аудартатын тағы бір мәселе – титул ресми бекітілмегендіктен бұл атақтардың мұралық жолмен берілмеуі. Дегенмен отбасында әкенің немесе атаның қасиеті, көшбасшылығы баланың да сондай дәрежеге жетуіне көбірек ресурс болатыны анық. Әкеден қалған дәулет, әлеуметтік капитал (байланыстар), тәрбие, эзотерикалық білім т.б. баланың қауым ішінде басым беделге ие болуына артықшылық береді. Қазыбек би ұрпақтарының ұзақ жылдар бойы ру-тайпалық көшбасшылар арасында болғанын бұған дәлел ретінде келтіруге болады [24].

Тарихи деректер Қазақ хандығында «хан көтеру», яғни элита өкілдерінің жиналып, бір адамды хан ретінде тану рәсімі болғандығын көрсетеді. Әртүрлі ру-тайпа көшбасшыларының, сұлтандардың қатысуымен төре тұқымына жататын беделді бір тұлғаны хан ретінде мойындады. Ал, жергілікті деңгейде жоғарыда аталғандай көшбасшы болатын тұлға өзінің ерекшелігімен басқаларды мойындату керек. Сондықтан бұл деңгейде де белгілі бір рәсім шарттары (дәстүрі) орныққан сайлау жүйесі болмады. Дегенмен жанама сайлау түсінігіне жақын дәстүр болғанын атап өту керек. Атап айтқанда, кез келген деңгейде сыртқы қауымдармен болған кикілжіңдерді, жанжалдарды шешу үшін өтетін талқылауларда өкілдік ету үшін қауым көшбасшылары араларынан бірнеше өкіл таңдады. Қарсы топ та осындай тұлғаларды анықтағаннан кейін екі тараптың өкілдері өзара немесе бейтарап бір тұлғалардың басшылығымен арадағы мәселені шешудің жолдарын талқылады. Егер жанжал бір рудың ішіндегі аталар (ауылдар) арасында болса, онда ол қауымның барлық көшбасшысы қатысуы мүмкін. Егер рулардың немесе тайпалардың, тіпті бірнеше қауымдардың арасында болса, онда дауласушы ру-тайпалардың барлық көшбасшыларын қатыстыру қиын болғандықтан әр тараптан шектеулі өкілдер, көшбасшылардың ішіндегі көшбасшылары қатысқаны анық. Осындай көшбасшыларды таңдау, анықтау үшін рудың немесе тайпаның элитасы жиналып, қауым ішінде де, сыртында да ең беделді тұлғаларды өкілдік үшін анықтады. Осы тұлғалар сыртқы қауымдар тарапынан рудың (тайпаның) билеушілері ретінде қабылданды және руластары да олар алып келген шешімді орындады.

Ағайындық-аталық жақындық бойынша иерархиялық құрылымданған қазақ қоғамындағы әрбір қауымдық кластердегі көшбасшыны таңдаудың сайлауға ұқсастығы аңғарылады. Қауымдық иерархиялық құрылымның ең төменгі сатысындағы ауыл (аталық бірлестік) көшбасшыларын анықтауда сол жердегі ер азаматтардың барлығының дерлік көзқарасы маңызды. Одан кейін ру көшбасшыларын анықтауда ауыл көшбасшыларының пікірі ескеріледі. Әрі қарай тайпа жетекшілерін белгілеуде ру көшбасшыларының пікірі ескеріледі. Сұлтандар мен ханды анықтауда да осы шарт сақталды. Бұдан шығатын қорытынды, кейінгі орта ғасырларда қазақ қоғамында билік өкілдерін, көшбасшыларды анықтау жоғарыдан төменге қарай тағайындау жүйесімен емес, керісінше төменнен жоғарыға қарай әр деңгейдегі көшбасшылардың өз арасынан іріктеуі арқылы жүргенін атап өту керек. Билік жүйесінің мұндай құрылымы бір жағынан аристократияның, меритократияның және өкілді демократияның элементтері болғандығын аңғартады. Сондықтан Қазақ хандығы тұсында заманауи түсініктегі лауазымды тұлғаны белгілі бір мерзімге жалпыхалықтық дауыс беру арқылы анықтайтын сайлау жүйесі болмағанымен демократия қағидаларына ішінара сәйкесетін және жергілікті өзін-өзі басқару түсінігімен мәндес жергілікті басқару жүйесі қалыптасты.

Шешім қабылдау. Қазақ хандығы кезеңіндегі жергілікті билік жүйесінің ерекшелігін, шешім қабылдаудың детальдарын талдағанда назар аударылуы керек мәселенің бірі шешімнің ұжымдық нысанда қабылдануы. Ауыл, ру, тайпа деңгейінде аса жоғары беделге ие тұлға болмаса әдетте шешімдер бірнеше беделді тұлғалардың қатысуы, талқылауы, дискуссиясы нәтижесінде қабылданды. Мұндай жағдайда қабылданған шешімді барлық қатысушының орындауы қисынды. Сондықтан зерттеушілердің қазақ қоғамында билік қысымы, басқарушы-

лардың езгісі болмағандығын, халықтың өздеріне ұнамсыз билікті сезбегенін, жалпы орталық биліктің болмағандығын жазғаны түсінікті [25].

Шешім қабылдаудың мұндай тәртібі қоғам ішіндегі әлеуметтік қатынастардың дәстүрін орнықтырды. Қоғамдағы әлеуметтік топтардың бірі басқа қауымның наразылығына әкелетін ахуал тудырған жағдайда кикілжің бейбіт шешілмесе өзара жанжал шықты. С. Зиманов мұндай жанжалдардың хан-сұлтандар басқаруындағы ұлыстар арасында ғана емес, тайпалар, рулар, тіпті ру ішіндегі аталар арасында да орын алатынын және кикілжіңнің жүздеген жылдарға созылу ықтималдылығын жазды [1]. Сондықтан әлеуметтік қатынастарда орныққан балансты бұзуға әкелетін ахуалдар тудырмау, туындай қалса ушықтырмау, бейбіт шешуге ұмтылу өзекті болды. Болмаса барлық қатысушы, тіпті жанама қатысушы тараптардың материалдық және адами ресурстарын азайтатын кикілжің қалыптасады. Жалпы, Қазақ хандығы тұсындағы әлеуметтік жүйедегі индивидтік және топтық қатынастардың әдеби қазіргі таңда әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғылым өкілдері кең зерттеп жүрген әлеуметтік нормалардың көмегімен қоғамдағы тәртіп пен қарым-қатынас мәдениетін сақтаудың үлгісін көруге болады. Зерттеушілердің айтуынша, топ ішіндегі ортақ қабылданған жазылмаған шарттар мен ережелерді білдіретін әлеуметтік нормалар жұртшылық ішіндегі тәртіпті сақтаудың маңызды тетігі және оларды бұзу сыртқы тұлғалардың теріс реакциясын туғызады [26]. Қазақ хандығында әлеуметтік норманы бұзушыны ол мүшесі болып табылатын қауым өзі жазаламаса, онда жәбірленуші тарап жазалаудың басқа тетіктерін іздестіре бастайды. Мұндай ортада әрбір индивидтің, қауымның жауапкершілігі, жанжалға алып келуі ықтимал мінез-құлықтарды тежей білетін дәстүрдің орнығуы нәтижесінде қазақ қоғамында баланс сақталып, хаостың орнауына жол бермеді:

«Казахская кочевая цивилизация в течение столетий выработала такое мировоззрение, такое правосознание, такие морально-юридические нормы, которые соблюдались не под принуждением, не под угрозой наказания, а исполнялись осознанно, поскольку личные интересы индивидов-кочевников разумно стыковались с коллективными, общинными интересами» [5, 342-бет].

Шешімді ұжым ретінде қабылдау, қауым ішіндегі барлық тараптардың пікірлерін ескеріп консенсуске келу ұйғарылған қарарды орындау тұрғысынан ғана емес, бірлестік ішіндегі ынтымақты сақтау тұрғысынан да өзекті болғандығы аңғарылады. Өйткені ата немесе ру ішіндегі қандай да бір топтың өкілдері шешіммен келіспеген жағдайда ол бірлестіктен бөліну туралы бастама көтеретіні анық және ондай фактілер жиі болды [1]. Басқаша айтқанда, қазақ ұлтының жеті атадан кейін жаңа руға бөлінудің әлеуметтік-санитарлық және экономикалық-ресурстық факторларымен бірге саяси-әкімшілік астары да болды. Дәлірек айтқанда, бір ауылды құраған аталастар саны ұлғайғанда көшіп-қонуды ұйымдастыру процесі қиындайды, қоныстанған аумақтағы табиғи ресурстар тарлық етеді. Сонымен қатар, саны ұлғайғандықтан ауылдағы барлық топтың мүддесін қанағаттандыратын шешімдер қабылдау күрделене түседі. Осы факторлардың жиынтығы ауылға біріккен аталастардың ішіндегі саны артқан басқа бір жақынырақ туыстастардың жеке ауылға бөлінуіне ықпал етеді.

Сол сияқты руға біріккен ағайынның саны көбейген сайын әрбір топтың көңілінен шығатын шешім қабылдау мәселесі туындайды. Қабылданған шешімге көңілі толмаған топтың көшбасшылары арадағы ағайындық жеті атадан асса жеке ру болуға итермелейді. Осы ретте, кейбір жекелеген рулар арасында «қыз алыспау» дәстүрінің болуы жеті атаға жетпей бөлінудің немесе аталас ағайындардың түрлі себептермен екі ру арасында қалып қоюынан сақталып қалғандығын болжап, бұл туралы тереңірек зерттеудің қажеттігін айтып өту керек. Бұдан шығатын түйін – ауыл, ру, тайпа ішінде билік бірнеше адамның қолында болды және ынтымақты сақтау үшін барлық ішкі топтардың мүддесі мейлінше ескерілді.

Мемлекеттегі сот, жазалау, құқық, экономиканы, шаруашылықты ұйымдастыру, шаралар өткізу барлығы әдетте осындай сатылық форматта шешілгендігі байқалды. Шешім қабылдау-

дың мұндай орталықсызданған жүйесі біртіндеп хан институтымен салыстырғанда жергілікті элитаның негізгі билік күшіне айналуына алып келді. Қазақ хандығының соңғы кезеңінде жергілікті элитаның жұртшылық арасындағы беделі, өзінің қарамағындағы халыққа ықпалы орталық биліктің, оның ішінде хан институтының өкілетінен басымдығы анықталды:

«Особенностью XVIII века было то, что старшины стали играть все возрастающую роль в деле управления обществом и ханством. Вполне естественным было то, что родовые старшины, ставшие правителями рода благодаря своим личным качествам и умением выражать и отстаивать интересы своего рода, имели больше социальной поддержки в казахском социуме, чем представители сословия торе. Если до XVIII века батыры, бии, аксакалы были «региональными» (родовыми, аульными) лидерами, то со второй половины XVIII века их статус обретает общеханское (государственное) значение» [5, 342-бет].

Жергілікті элитаның беделінің артуына шешім қабылдауды ғана емес, хандық биліктегі әскер, алым-салық, қабылданған шешімдерді орындау жүйесінің ағайындық-туыстық жүйе бойынша құрылымдануы себеп болғаны анық.

Билеушілердің вертикальді горизонтальді коммуникациясы. Осындай әлеуметтік-мәдени жүйеде кез келген деңгейдегі билік өкілінің, тіпті хан институтының авторитарлық үстемдікке қол жеткізуі өте қиын болды. Билік жүйесінің, шешім қабылдаудың орталықсызданған жүйесінің салдарынан билікке ие тұлғаның вертикальді беделі жоғарылаған сайын оның қауым мүшелеріне ықпалы төменгі сатыдағы элита өкілдерімен салыстырғанда төменірек болды [1]. Басқаша айтқанда, рулық немесе тайпалық деңгейде билік ететін тұлғалардың өзіне қарасты жұртшылық ішіндегі кейбір аталарға билікті тек сол топтың көшбасшылары арқылы іске асырды.

Қазақ хандығы кезеңіндегі билік құрылымын хан институты мен жергілікті элитаның арасындағы коммуникация жүйесін талдау арқылы саяси жүйенің орталықсыздандырылған формада болғаны байқалды. Әдетте қандай да бір ішкі мәселені шешу жоғарыдан төменге емес, көбіне төменгі қоғамдастық ішінде жүрді. Мұндай жағдайда ауыл ішіндегі мәселелерді көбіне сол қауымдастықтың беделді тұлғалары – ақсақалдар, байлар, батырлар ішкі талқылауда шешті. Ал, бірнеше ауылды қамтитын ру мәселесін сәйкесінше рудың беделді тұлғалары шешті. Осылайша мәселе шешу жүйесі сұрақтың ауқымына байланысты әр сатыдағы талқылауларда шешіліп отырды. Мұндай жағдайда хан билігі бірнеше ірі тайпаларды қамтитын, ауқымды мәселелерді шешуде ғана қолданылды. Біздің ойымызша, барлық деңгейдегі талқылау форматындағы жиындар тұрақты бір мерзімде немесе уақытта емес, қажеттілікке байланысты шақырылып отырған. Кейбір зерттеушілер ақсүйектерден, ру мен тайпа көшбасшыларынан құралған ханның жанындағы «құрылтай» жыл сайын жиналғандығын жазды [5]. Дегенмен бұл пікірді қуаттайтын қосымша деректердің қажеттігін айтып өту керек.

Орталықтанған билік жүйесінде жоғарыдан түскен тапсырманы жергілікті билік өкілдері уәжсіз орындаса, Қазақ хандығы тұсында хан өз тапсырмасын орындату үшін жергілікті элитаның қолдауына сүйенді және олар қарсы болған жағдайда күштеу мүмкіндігі шектеулі болды [1]. Тіпті жергілікті элитаның да күштейтін кәсіби аппараты немесе күштік құрылымы болмағандықтан жұртшылық қарсы болған шешімдерді іске асыру оған да қиынға соқты. Мұндай жағдайда қабылданған шешімдердің орындалуы үшін қауымдастықтың басым бөлігінің қолдауы маңызды немесе бірнеше тұлға қатысқан ұжымдық шешім болғандықтан орындауға мәжбүр екендіктеріне көз жеткізу өзекті.

Қазақ хандығы кезеңінде көп жағдайда әрбір жүз, ұлыс, ру бір-бірінен тәуелсіз, өз бетінше жасақтарын құрып, ірі қарулы қақтығыстар мен ірі соғыстар болған жағдайда халық болып жиналды [27]. Басқаша айтқанда, тұрақты әскердің болмауы ханның билігін жергілікті элитаға тәуелді етуге ықпал еткен ең негізгі факторлардың бірі. Әскер қажет болған жағдайда ағайындық-рулық дәстүрмен жиналатындықтан сарбаздар алдында хан-сұлтанмен салыстырғанда өз аталасының сөзін өтімді етті. Мұндай ортада төре тұқымы бір ру-тайпа

өкіліне қатысты өз шешімін орындатуы үшін ол қаулыны басқа ру-тайпа өкілдерінің қолдауы қажет болды. Қолдау жеткілікті болмаған жағдайда шешім іске аспады.

Әрине, Қасымхан, Есімхан, Тәуке хан, Абылайхан т.б. хандар тұсында хан билігі күшейіп, орталық институттың қабылдаған шешімдері мүлтіксіз орындалды. Алайда орталық билікті күшейткен бұл хандардың тұсында да жүйелі жұмыс жасайтын вертикальді заманауи аппарат орнықпады. Бұл хандардың билігі жұртшылыққа ортақ нормаларды жүйелеумен (заңдар), хандық институттан тыс жатқан бәсекелестермен күресу үшін аумақтағы барлық ер-азаматтарды соғысқа жұмылдыруымен, аса беделді элита өкілдерін өз қасына топтастыруымен және солар арқылы шешімдерін жергілікті жердегі элитаның орындауын тапсыруымен ерекшеленді.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері көшпелі қазақ қоғамындағы биліктің орталықсызданған құрылымын, жергілікті институттар мен билеушілердің өкілеттігінің жоғарылығын анықтады. Қазақ қоғамындағы билік вертикальды емес, горизонтальды байланыстарға көбірек сүйенді. Бұл жүйенің ежелгі заманда қалыптасып, ондаған ғасырлар бойы сақталып келді. Оның сақталуына ықпал еткен ең бірінші себептердің бірі көшпелі мәдениет болғаны анық. Рулық-қауымдық жүйе көшпелі мал шаруашылығы үшін ыңғайлы болды, қандай да бір қиындықтар туындай қалғанда туыстар арасындағы өзара қол ұшын созу, бір-бірін қолдау үшін қандық байланыстар рөл ойнады. Сондықтан қиындыққа тап болған жағдайда әлеуметтік топ мүшесін орталық институттар емес, жергілікті қауым қолдады. Классикалық либертаризмнің постулаттарымен үндесетін мұндай қоғамда жергілікті элитаның дербестігі қоғамдағы ішкі дауларды Ханның немесе басқа жоғары билеушінің араласуынсыз-ақ шешуге мүмкіндік берді.

Зерттеушілер Қазақ хандығында алым-салықтың болғандығын жазды. «Налоги с подвластного населения собирали для содержания аппарата Казахского ханства ханов, военного ополчения в период войн и ханской дружины. Сбор налогов поручался местным властям, зачастую сумма и регулярность сбора определялась самими биями и старшинами добровольно. В Казахском ханстве существовало примерно 20 разновидностей налогов и повинностей» [5, 342-бет]. Дегенмен хандықта сол дәуірдегі басқа мемлекеттермен, оның ішінде кейін империяға айналған Еуропа құрлығындағы патшалықтармен салыстырғанда салық және бюджет жүйесі сапалы жұмыс істемегендігі аңғарылады. Қазақ хандығында бюджет-салық саясаты дұрыс жолға қойылмағандықтан хандықтың қолында тұрақты қаржы ресурсы болмады. Әдетте қаражат белгілі бір шараны өткізу немесе ұйымдастыру үшін жылу түрінде жиналды. Мұндай форматтың барлық билік сатыларында сақталғанын атап өткен жөн. Яғни ауыл, ру, тайпа, жүз деңгейінде қажетті шығындар үшін сол аумақтағы азаматтардан мақсатты қаражат жиналды. Салық және бюджет жүйесі жүйелі жұмыс жасамағандықтан тармақталған құрылымдар мен бюрократиялық аппарат құру, тұрақты армия қалыптастыру сияқты мемлекет үшін маңызды институттар қызметі заман ағымына сай дамымады.

Қазақ хандығы жағдайында реформаларды іске асыру екі себепке байланысты қиынға соқты. Біріншіден, халықтың географиялық тұрғыдан әлемдік теңіз жолдары мен ірі державалардан қашық жатуы жаңа технологиялар мен басқару идеологияларының баяу келуіне себеп болды. Екіншіден, кәсіби мемлекеттік-бюрократиялық басқарудың кенже дамуы. Әдетте реформалар жоғары билік институтындағы лауазымды тұлғаның бастамасымен жоғарыдан төменге қарай бұйрықпен/күшпен енгізіледі немесе азаматтардың сұранысымен төменнен жоғары қарай жүреді. Қазақ хандығы жағдайында екінші жолдың жүруіне халықтың географиялық тұрғыдан сыртқы державалардан, теңіз/мұхит жолдарынан алыс жатуына байланысты басқа мемлекеттердегі өзгерістерден бейхабар қалды. Ал, жоғарыдан төменге енгізу үшін ханның қолында күшті билік, қабылданған шешімдерді іске асыратын аппарат болуы қажет. Хан институтында шешімдерді мәжбүрлеп орындататын әкімшілік ресурс болмады. Олар тек жергілікті ру басыларымен келіссөз жүргізу арқылы ғана әрекет ете алды. Сондықтан қазақ

қоғамының көшпелі мәдениетті сақтап, индустрияландыру мен өнеркәсіп төңкерісі орын алған дәуірде ғылым мен техниканың интеграциялаудан кеш қалуының бір себебі билік жүйесіндегі институционалды құрылымның әлсіздігінің салдарынан болғаны анық.

Орталықсызданған билік жүйесі XVIII ғасырдағы сын-қатерлер кезінде (мысалы, Жоңғар шапқыншылығы немесе Ресей империясының экспансиясы) мемлекеттің әлсіз тұсына айналды. Тұрақты армиясы бар, бюрократиялық аппараты жетілген көршілес империялармен бәсекелесу үшін қазақ қоғамына шұғыл мобилизация қажет болды, алайда рулық жіктелу бұл процесті баяулатты. Зерттеушілер былай жазды: «Соғыс, сөзсіз, орталықтануды талап етеді, ал көшпелі өмір салты сегментацияны талап етті» [4, 234-бет]. Қазақ хандығы тұсындағы саяси жүйенің жағдайы бұл пікірді қуаттайды. Халық сыртқы қауіп артқан кезеңде орталықтанған билік жүйесі құрылып, қалған уақытта басқарудың вертикальді құрылымы әлсіз болды.

Қорытынды

Бұл зерттеу Қазақстанның мемлекеттілік тарихын хронологиялық тұрғыдан отарлықтың алдындағы кезеңді тереңірек түсінуге көмектесті. Қазақ хандығындағы жергілікті билік — көшпелі өмір салты мен рулық-тайпалық құрылымға толықтай бейімделген, өзін-өзі реттейтін бірегей модель. Ол халықтың тұтастығын ғасырлар бойы сақтап келді. Билік институты тек мұрагерлікпен емес, жеке адамның қабілеті мен халықтың қолдауына негізделді.

XVIII ғасырдың соңындағы саяси жағдай орталықтанбаған басқару жүйесінің индустриялық дәуірдегі империяларға қарсы тұрудағы осалдығын көрсетті. Билік жүйесіндегі орталықсызданған тәртіптің ең үлкен кемшіліктерінің бірі жалпы халықтың ұйымдасуын қиындатты, салық жүйесінің әлсіз дамуына байланысты тұрақты әскерді ұстау мен мемлекеттік аппараттың жүйелі жұмыс жасауға қиыншылықтар болды. Мұның барлығы бір жағынан қазақтардың сыртқы күшке қарсы тойтарыс беруде жұмылуына кедергі келтірді. Осындай жағдайда қазақтардың индустрияландыруға өтіп, ілгері дамыған басқа державалар тарапынан отарға айналуы тарих шарты болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зиманов С.З. *Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков.* - Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1960. - 293 с.
2. Ошакбаева Ж. «Қазақ хандығы кезеңіндегі мемлекеттілік және мемлекетшіл тұлға идеясы». *Хабаршы. Халықаралық қатынастар және аймақтану сериясы.* – №3. – Алматы, 2021. - 1-8 бб.
3. Арғынбаев Х.А., Мұқанов М.С., Востров В.В. *Қазақ шежіресі хақында. Құрастырған Пірманов Ә.* – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б.
4. Турғунбаев Е. *Шежіре – тарихи-этнографиялық дерек: оқу құралы.* – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 234 б.
5. Сарсембаев М.А. *Казахское ханство как суверенное государство средневековой эпохи.* – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2015. – 342 с.
6. Гундова О.Е. «Институт ханской власти у казахских родов в оценках отечественных ученых и чиновников (XVIII – начало XIX в.)». *Известия Алтайского государственного университета.* - №2. Барнаул, 2021. - 19-23 сс.
7. Mehmet Emin Efendi, *İstanbul'dan Orta Asya'ya Seyahat.* Hazırlayan: Rıza Akdemir. - Ankara: Kültür ve Turizm Bakanlığı Yayınları, 1986. – 144 s.
8. Телеуова Э.Т. *Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері: Оқу құралы.* Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – 106 б.
9. Мажитова Ж.С. «Институт биев в казахском обществе в первое десятилетие советской власти». *Вестник Московского университета: серия История.* – №4. – Москва, 2015. - 74-84 сс.

10. Karahan Kök Naciye. «Türkistan Hanlıklarına Ait Belgelerde Geçen Meslek ve Unvan Adları». Uluslararası Uygur Araştırmaları Dergisi. – №15. – Samsun, 2020. – 1-30 s.
11. Исхаков Д.М. «Золотоордынские татары «белой кости» в дастане «Идегей». Сибирский сборник/сборник научных статей, Ч. 2. – Казань, 2020. - 87-115 сс.
12. Акчурин М., Ишеев М. «Институт власти татарских князей в Российском государстве». Исторические судьбы народов Поволжья и Приуралья. Сборник статей. -№ 4. - 2014. - 5-27 сс.
13. Donuk Abdülkadir. «Eski Türk Devlet Teşkilatında «Tarhan» Ünvanı ve Tarihi Gelişmesi». Tarih Dergisi. - №34. - Istanbul, 1984. - 81-90 ss.
14. Мұқтар Ә.Қ. «Тархандар институты тарихының тарихнамасы». - Отан тарихы. - №2. - Алматы, 2018. - 23-35 сс.
15. Хафизова К.Ш. Степные властители и их дипломатия в XVIII–XIX веках. - Астана: КИСИ при Президенте РК, 2019. – 480 с.
16. Еңсенов Қ., Пусырманов Н.С., Сураганова З.К. «Қазақ қоғамындағы билер институты (XVIII-XIX ғғ.)». Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы: Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. - №2. – Алматы, 2024. - 255-265 сс.
17. Еспенбетова А.М. «Қазақ қоғамындағы батырлар институты және олардың әлеуметтік қызметі». Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы: Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. - №2. – Алматы, 2017. - 11-15 бб.
18. Жұмағалиева М.О., Избасарова Г.Б. «XVIII-XIX ғғ қазақ қоғамындағы батырлар институты және оның трансформациясы». Вестник Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова. - №1. – Актөбе, 2024. - 70-77 сс.
19. Мағауин М., Байділдаев М. (құраст.). Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық, Т.1. - Алматы: Жазушы, 1989. – 352 б.
20. Құралұлы, А. (құраст.). «Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі». - Алматы: "Сөздік-Словарь". 1997.- 368 б.
21. Sozdikqor.kz порталы, «Ауыл ағасы» кілт сөзі, <https://sozdikqor.kz/soz?id=165519&a=A%C3%BDyl%20a%C7%B5asy> (қаралған күні: 20.11.2025)
22. Әлімбаев Н (құраст.). Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. - Алматы, 2011. – 736 б.
23. Börekçi, Işık, Erdemir Göze F. «Ağa» lik düzeninin kültürel ürünlerde eleştirisi». Gazi Türkiyat, №30. - Ankara, 2022. 13-26 ss.
24. «Алиынбай Кенесарыны ашық қолдамады», тарихшы, <https://e-history.kz/kz/news/show/33538> (қаралған күні 26.01.2025)
25. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Т. 3. - Санкт-петербург: Главное управление Генерального штаба, 1868. - 264 с.
26. Valković M. «Playing by the rules: using games to study social norms». Think. - №62. – 2022. - 63-72 сс.
27. Кушкумбаев, А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. - 182 с.